

# Маяк

Районная еженедельная  
общественно-политическая газета

Сайт акима Астраханского района: [www.astrahan.akmol.kz](http://www.astrahan.akmol.kz) / [astrahan.mem.kaz](http://astrahan.mem.kaz) / [www.astrahan.gov.kz](http://www.astrahan.gov.kz)

## ЕЛ ЖҮРЕГІ – АСТАНА

Аудан орталығында «Арайлы Астана» деген атаумен елорданың 25 жылдығына орай мерекелік шара өтті.



Бүгінде біздер ұлтымыз үшін аса қасиетті әрі құнды сөздерді ерекше құрметпен, бойымызға дарыған асқақ сезіммен басымызды тіктей, еңсемізді көтере, аса мақтанышпен айта аламыз. Себебі, ол сөздерді айтуға тұрарлық жетістігіміз бар. Тәуелсіз ел атанғалы бері толайым табыстарға қол жеткіздік, биік мәртебеге ие болдық. Солардың бірі – Арқаның төрінде, ерке Есілдің жағалауында орналасқан айбынды Астанамыз. Бүгінде бас қаламыздың ресми астана болып бекітілгеніне 25 жыл толып отыр.

Егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап ел астанасы бүкіл әлем таныған жаңа саяси орталыққа айналды. Қазіргі елорда – әлемдегі саяси көшбасшылар, іскерлік серіктестер мен ин-

весторлар, зиялы қауымның кездесіп, кеңес құратын орынның бірі. Тәуелсіз Қазақстанның өз қолымен орнатқан ең бірінші Елордасы - татулықтың тұрағы, бейбітшіліктің бесігі, жасампаздықтың жарқын үлгісі. Ұлтымыздың ұлы армандарының ақиқатқа айналған тарихи шежіресі. Ауданның көркейіп, сәулетіне сәулет қосуы – біз үшін зор қуаныш.

Еліміздің бас қаласының мерейтойына арналған кеште аудан өнерпаздары Астана, Отаң туған жер туралы өн мен жырдан шашу шашты. Салтанатты шарада талантты жастар өз өнерлерін ортаға салып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Материалдарды дайындаған Арман ЖАПАРОВ.

## «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУДЕ

Жастарды «Жасыл ел» бойынша жұмыспен қамту жоспарланған болатын. «Жасыл ел» жобасымен жастарды уақытша маусымдық жұмысқа орналастыру бойынша жасақ қызметіне 16 жастан асқан оқушылар, жоғары оқу орындарының және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері тартылды. Сондай-ақ, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту қолға алынды.

Негізгі жұмыс бағыты аймақты абаттандыру және көгалдандыру бойынша жүргізіледі. Нақтырақ айтқанда, тал суару, ағаш отырғызу, саябақтарды сырлау. Сонымен қатар балалар алаңдарын қалпына келтіру жұмыстары.

Биыл осы жоба аясында өткізілуі тиіс шаралар мен бағыттар бар. Жастарға төленетін жалақы мөлшеріне келетін болсақ, жалпы Қазақстан Республикасының ең төменгі жалақы көрсеткіші қазір 70 мың теңге. Жасыл ел жасағында осы 70 мың теңге төленетін болады.

Жалпы алғанда, бағдарламаның негізгі мақсаты – жастарды туған елді көркейтп-көгалдандыруға үлесін қосу және жұмыссыз жастарды жұмысқа баулу арқылы олардың туған елге деген перзенттік парызын қосуға насихаттау. Сондай-ақ, жоғары және арнаулы оқу орындарынан демалысқа келген студенттер мен ауыл жастарын аталмыш жобаға қатыстыра отырып, жастар арасында мейлінше жұмыссыздықты төмендету.



Расында да, мемлекеттен қолдау тауып отырған республикалық «Жасыл ел» бағдарламасы жастар үшін құнды бастама ретінде бүгінгі күнге дейін өз мақсатынан тайған емес. Қаншама студент жазғы демалысын тиімді өткізе отырып, еліне қызмет жасауда. Тіпті, олар келесі оқу жылына қажетті қаражатты да өз маңдай тер еңбегімен табуда. Жастар бір жағынан еліміздің өсіп-өркендеуіне атсалысса, екіншіден әрбір жас өзінің бос уақытын игі іске жарататыны қуантады.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары жастарды уақытша

болса да жұмыспен қамти отырып, қоғамдық маңызы бар басқа да іс-шараларды жүзеге асыруда. Аталмыш бағдарлама ел жастарын игі істерге жұмылдыруда үлкен еңбек мектебіне айналды.

Міне, ел жастары арасында аса қуанышпен қолдау тапқан «Жасыл ел» еңбек жасағы өңір жастары арасында да бүгінде үлкен қолдауға ие болды. Аймақ жастары осындай игі бастамаға құлшына кірісіп, туған жер әлеуетін арттыруға белсене атсалысу-

да. Жыл сайын маусым-тамыз айлары аралығында ауданда жастар арасында еңбек жасақтары ұйымдастырылып, олар өздері туып-өскен жерді көркейтуге үлесін қосуда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен елімізде жұмыссыздықты жою мақсатында көптеген іргелі істер атқарылуда. Осылайша, жұмыссыздықты азайту мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар да қабылданып, оның орындалуын Мемлекет басшысы өз назарында ұстауда.

Күн сайын дерлік біз әртүрлі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып аламыз, бірақ олар әрдайым сапалы бола бермейді. Кейде сатып алушының құқықтары сатып алудан бұрын, сатушылар тауардың техникалық сипаттамалары туралы дұрыс емес ақпарат берген кезде бұзылады. Бұл ретте, соңғы уақытта әртүрлі салаларда тұтынушылардың құқықтарын бұзу жағдайлары жиілеп кеткенін атап өткен жөн.

Осылайша уәкілетті органға өтініштер саны жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты тұтынушы нарықтық қатынастарда барынша қорғау мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға үнемі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырылады. Осы ретте, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша уәкілетті орган заң жобасын әзірледі, ол елдің ақпараттық саласында белсенді талқыланып және мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықталуда. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң жобасына оралсақ, оның негізгі аспектілерін атап өткен жөн.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Омбудсмен институтын енгізу және заңнамалық бекіту есебінен тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін институционалдық күшейту. Омбудсмен институтының бірқатар елдердің қоғамдық-саяси жүйесіне қосылуы, ең алдымен, мемлекет пен қоғамның қызметі саласындағы қоғамдық институттардың жандануымен түсіндіріледі.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау

жөніндегі Омбудсмен институтының міндеті 19 млн тұтынушының әрқайсысын тыңдау, қызмет барысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласының жүйелік проблемаларын зерделеу және анықтау, сондай-ақ тұтынушылардың дауысы ретінде қызмет атқару, бұл туралы Мемлекеттік биліктің ең жоғарғы эшелондарына мезгіл-мезгіл тікелей баяндау, осы проблемаларды шешу жөніндегі ұсыныстар енгізу болып табылады.

Омбудсмен институтының функцияларына кәсіпкермен туындаған тұтынушы құқықтары мәселелері бойынша сотқа дейінгі реттеу, әйтпесе - тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін талап қоюмен сот органдарына жүгіну, егерде тұтынушылардың құқықтарына нұсқан келтіруі мүмкін болса немесе олардың мүдделерді қозғалса, әзірлеуші мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің салалық жобаларын әзірлеуге белсенді қатысу, азаматтарды тұтынушылардың құқықтары мәселелері бойынша құқықтық сауаттылықты арттыру және ағарту болып табылады.

2020 жылы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға түзетулер қабылданып, олар үкіметтік емес ұйымдар мен бизнесті тарта отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құруға ықпал етті, оның ішінде тұтынушылардың шағымдарын

қараудың үш сатылы алгоритмі енгізілді (1 кезең – сатушы және дауларды сотқа дейін реттеу субъектілері, 2 кезең – мемлекеттік органдар, 3 кезең – сот). Тұтынушылардың шағымдарын қарау мен шешудің енгізілген үш сатылы алгоритмі тұтынушылардың мемлекеттік органдарға, содан кейін сот органдарына өтініштерін жіберуді көздейді. Бұл ретте сондай-ақ азаматтың сотпен кедергісіз қорғалуына конституциялық құқығын ескере отырып, тұтынушылардың шағымдарын қараудың қолданыстағы үш сатылы алгоритмнің екі сатылы алгоритміне, тұтынушылық даудың тараптары арасындағы дауларды тек қана сотқа дейінгі реттеу мүмкіндігін сақтай отырып, құқықтары бұзылған тұтынушыны сотқа талап қою алдында мемлекеттік органға жүгінуге міндеттемеу ұсынылады.

Бұдан басқа тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінде қаражаттың болмауы және де базаларының материалдық-техникалық жарақтануының төмен болуы олардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстарына кедергі келтіретінін атап өткен жөн. Бұл ретте тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктеріне тұтынушыға өтелетін сомадан сыйақы есептеу жөніндегі институт сияқты қоғамдық бірлестіктерді қаржылық қамтамасыз ету қаралмаған. Бүгінгі күні жауапкерден заңды тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) сомасын тұтынушылардың қоғамдық бірлестігіне аудару туралы нор-

## ТҰТЫНУШЫЛАР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОРҒАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ



ма жоқ, бірақ бұрын "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 1991 жылғы 5 маусымдағы Заңында болған. Аталған ұсыныс оны қаржыландырудың қосымша кезі болады және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қазіргі қоғамдық бірлестіктердің қаржылық тәуелсіздігіне демеу болады.

Тұтастай алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңға ұсынылатын түзетулер тұтынушының қанағаттанушылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік тепе теңдікті қалыптастыруда оң нәтиже береді. Әзірленген жаңашылықтарды заңнамалық тұрғыдан бекіту тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін неғұрлым жоғары сапалы деңгейге көтереді және қазақстандықтардың өмірінде жағымды өзгерістерге әкеледі.

Сонымен қатар, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне, яғни e-tutynushy.kz сайтында ұялы телефон немесе компьютер арқылы әр тұрғын өзінің бұзылған құқықтары туралы мәлімдей алады және кәсіпкерлерге Smart QR қосылуға болады.

## ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ: КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерге барамыз», – деп, оқу жылы аяқталысымен, мектеп оқушылары жазғы лагерлерге баруға асығады. Біздің аудандық білім ошақтарында маусым айында жазғы демалыс лагері ашылып, жұмыс істеді. Сондай-ақ, екінші кезеңін шілде айынан бастады.

Жайраңдаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. Лагерге келген демалушыларды күнделікті мектеп медбикесі денсаулықтарын тексеріп, олармен сауықтыру іс-шараларын жүргізді. Жазғы лагерде балалардың сапалы тамақтануы да назардан тыс қалмаған. Арнайы бекітілген ас мәзірі бойынша балаларға бір мезгіл тамақ берілді.

«Бала күлкіге тоймас» дегендей, балалар көңілді демалып, жанын әнге, сылдыр күлкіге тойдырып, әртүрлі іс-шаралар мен спорттық ойындар өткізді. Лагерде демалушыларына әртүрлі ойындар ойнатылып, көптеген жарыстар, тақырып бойынша тапқырлық, сөзжұмбақ сайыстары ұйымдастырылып тұрды. Бір мезгіл балдырғандар сурет салып, тақпақ жаттап, ән салады. Күн сайын жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар, ертеңгіліктер, сайыстар өтеді. Тәрбиешілер әр күнге белгіленген түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, балғындардың дема-



лысы қызыққа, қуанышқа толы болуына бар күш-жігерлерін, өнерлерін аямай жұмсауда.

«Көңілді старт», «Күштілер, батылдар» сайыстарына оқушылар қызығушылықпен қатысып отырды. Әдеп туралы әңгіме, әсемдік жайлы мақал-мәтел жарыстарының да көңілді өткенін атап өткен жөн. Оқушылар ән айтып, би билеп, демалыс лагерінің жұмысын қыздыра түсті. Балалардың демалысы қаншылықты көңілді өтіп жатқандығы жүздерінен көрініп тұрды. Себебі олардың саналы да сапалы демалуына барлық жағдайлар жасалған. Емін-еркін ойнауына арналған арнайы алаңдар, бөлмелер жабдықталған, демалушылар ойын-сауық құралдарымен толық қамтамасыз етілген.

Лагерде демалушы балғындар музыкалық, спорттық, шығармашылық және интеллектуалдық сайыстарға да белсене қатысты. Қайсысымен әңгімелессең де, жаз мезгілін жыл сайын асыға күтетінін, мектеп жанындағы лагерге келу арқылы көп дос табатынын, түрлі іс-шараларға қатысып, көңіл көтеретінін айтып, мез-мейрам болысады. Осылайша әр күні мәнді де сәнді өткен лагері оқушылардың көңілінен шықты.



## СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Мемлекет басшысы бас қалада еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді. Аты айтып тұрғандай жиын ауқымды болды. Қасым-Жомарт Тоқаев әр салаға тоқталып, өзекті мәселелерді жіпке тізді.



Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауыз су мәселесіне арнайы тоқталды.

– «Судың да сұрауы бар». Оны неғұрлым көп тұтынсаң, соғұрлым көп ақша төлейсің. Бұл – жұртты үнемшіл болуға үйрететін әділетті және қарапайым ұстаным.

Дамыған елдердің тұрғындары әр нәрсенің қадірін біледі. Үнемшілдік олардың өмір салтына айналған. Тіпті, су мен жылуды ысырап етпеуді балаларға жастайынан үйретеді.

Біздің азаматтарымыз да осындай үнемшіл болуы керек. Әсіресе, суды үнемдеп тұтынуымыз керек. Мен су тапшылығының артып жатқанын ұдайы айтып жүрмін. Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауызсуға зәру. Бұл – ауылдағы ағайын ғана емес, қала халқы үшін де өте өзекті мәселе. Ірі шаһарлардың инфрақұрылымы жылдан-жылға артып келе жатқан сұранысқа жауап бере алмай отыр. Тіпті Астананың өзінде су тапшылығы қатты сезіле бастады. Басты себептің бірі – құрылыстың көбеюі. Үнемшіл болмасақ, таза су беретін жаңа нысандарды іске қосқанмен, тапшылықты жоя алмаймыз.

– Қазір 500-ден астам гидротехникалық нысан әбден тозып тұр. Тіпті оның 200-інде төтенше жағдай туындау қаупі бар. Кезінде кейбір су қоймалары бұзылып, қайғылы оқиға болғанын білесіздер. Осындай жәйттің алдын алу үшін гидроқұрылымдар жан-жақты тексерілуі тиіс. Апаттық жағдайда тұрған және қараусыз қалған нысандарды бақылауға алу керек. Қауіп-қатерлер картасын жасау қажет. Төтенше жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін қатерлердің алдын алу үшін нақты шараларды қолға алған жөн. Сондай-ақ, Су ресурстарын басқарудың бірыңғай ақпараттық-сараптамалық жүйесін жасау керек, – деді ҚР Президенті.

## КОНКУРС

**Конкурсты ұйымдастырушы:** «Ақмола облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» ММ

**Электрондық пошта мекенжайы:** [depprom@aqmola.gov.kz](mailto:depprom@aqmola.gov.kz)

**Байланыс телефоны:** 8 (71641)2-25-83

**Конкурстың мәні:** кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру.

**Конкурс нысаны:** ашық конкурс

**Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер беру орны:** ақпараттық жүйедегі «Электрондық үкіметтің» веб-порталы «[Kezekte.kz](http://Kezekte.kz)»

**Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі:** конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінімді және конкурстық құжаттаманың толық пакетін ұсынады.

**Өтінімдерді ұсыну мерзімі:** 2023 жылғы «21» шілдеден 2023 жылғы «31» шілдеге дейін. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің ресми сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp?lang=ru>

## КОНКУРС

**Организатор конкурса:** ГУ «Управление предпринимательства и туризма Акмолинской области»

**Адрес электронной почты:** [depprom@aqmola.gov.kz](mailto:depprom@aqmola.gov.kz)

**Контактный телефон:** 8 (71641) 2-25-83

**Предмет конкурса:** предоставление начинающим предпринимателям, в том числе начинающим молодым предпринимателям государственных грантов в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 годы.

**Форма конкурса:** открытый конкурс.

**Место подачи заявок для участия в конкурсе:** веб-портал «Электронного Правительства» в информационной системе «[Kezekte.kz](http://Kezekte.kz)»

**Порядок предоставления конкурсной документации:** для участия в конкурсе претенденты представляют электронную заявку по утвержденной форме и полный пакет конкурсной документации.

**Сроки предоставления заявок:** с «21» июля 2023 года по «31» июля 2023 года. Заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

С настоящим объявлением и конкурсной документацией можно ознакомиться на официальном сайте регионального координатора:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp?lang=ru>

## ЖЫЛЫЖАЙ - ТОЛАҒАЙ ТАБЫС КӨЗДЕРІНІҢ БІРІ

Шаруалар жылыжай өндірісін қолға алып, оны дамытудың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгерген. Біздің аудан да аргарлы ай-мақтың бірі. Халықтың басым бөлігі төрт түлік пен егіншілікті кәсіп етеді. Соңғы уақыттары елімізде жылыжай шаруашылығы жан-жақты даму үстінде. Осы мүмкіншілікті басшы-лыққа алған жерлестеріміз көкөніс өсіріп, табысқа кенелудің маңызын түсініп отыр. Ең табысты, жылыжай кешені – халықты таза азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етудің тап-тырмас тәсілі. Жылыжай өндірісіне қол жеткізу – әрбір бағбан-ның арманы.

Жылыжайда өскен өнімнің артықшылығы, көкөніс жылдам өсіп, сырты көз тартарлықтай жылтыр болады. Сонымен бірге, ылғал мен жылу барлық аумаққа бірдей таралады. Бірақ, жабық жерде өскен өнімнен күннің иісі сезілмейді. Дәмі мен иісі жағынан далада өскен көкөністен айырмашылығы да осында. Десе де, құрамында қажетті дәрумендер мен минералдар жеткілікті. Бұл шаруашылықтың да өзіне тән қиындығы аз емес. Сапалы өнім алу үшін ша-руаға біраз тер төуге тура келеді.

Осы тұста, ауданымызға қарасты Первомайқа ауылының тұрғыны Илияс Мухармеевтың жай-күйін бағдарлап көрдік. 2018 жылдан бері осы іспен айналысуда. Жылыжайда шалғам (редис) және ас-көк, ақжелкен өсіреді.

Осылайша жұмыстарын одан әрі ширата түскен аталмыш жердің жанды жұмысына біз де сүйсіндік. Президенттің шаруаларға айтып жүргенінің, толассыз көмекті бергізіп жатқанының астары ауылдың экономикасы көтерілсін деген жақсы тілек екені рас. Ақ, ауыл де-геніңіз - ел емес пе? Елдің дәулеті көтерілсе мемлекеттің іргесі мықты, қадамы нық болмақ. Экономикамыздың тірегі саналатын осындай кәсіпкерлеріміз екені анық.

Осы тұста, өзге елдердің тәжірибелерімен де бөлісе кетейік. Да-мыған елдердің көбі көкөніс өсіруге басымдық береді.



Әлемде жылыжай салудан аспан асты елі бірінші орында. Бұл елдің жылыжай шаруашылығының алқабы шамамен миллиондаған гектар аумақты алып жатыр. Бұл сала едәуір дамып тұрған елдер тізімінде басқа да елдер бар. Дамыған елдерде жаңа технологиямен жабдықталған гектар жылыжай кешенінің құны өте көп қаражат тұрады.

Өйткені оның құрылымында қуатты көп мөлшерде тұтынатын жылыту, жарықтандыру жүйелері бар. Ақ, түрік елінде жылыжайдың 88 пайызында көкөніс өсірілсе, қалған 10 пайызына жеміс, қияр 2 пайызына егіледі. Халқының саны бізбен шамалас болса да, жері әлдеқайда кіші бір ел өзі әлемді азық-түлікпен қамтамасыз етуде. Бір айта кетерлігі, еліміздегі біраз жылыжайлар шет ел технологи-ясымен салынған. Өйткені, олардың қолданатын технологиясы біздің елімізге өте тиімді. Егер жергілікті диқандарға қолдау көрсетіліп, жұмыстары жүйеленсе, нарық бағамына да оң әсер ететіні сөзсіз.

Арман ЖАПАРОВ.



## БОЛАШАКУ - 20 ЛЕТ

На сегодняшний день одним из самых эффективных инструментов поддержки сельского населения являются кредитные товарищества (КТ). Кредитное товарищество как финансовый институт, не раз доказывали свою работоспособность в реализации государственных программ развития бизнеса на селе. С 2003 года в Астраханском районе успешно работает ТОО «Кредитное Товарищество «Болашак».

Все началось в 2003 году. По приказу Министра сельского хозяйства была создана программа создания сети кредитных товариществ. В кредитное товарищество должно было входить не менее 20 крестьянских хозяйств сельхозпроизводителей. 26 января 2004 года были предоставлены первые кредитные ресурсы. До этого времени проводились подготовительные организационные работы.

«Одними из первых наших пользователей были такие организации как КХ Б.Бузыкаева, «Достык-06» М.Сагимбаев, В.Паскалиди, Саттыбаев и К, КХ Ильдибаев, ТОО «Бытовик» Л.Киракосян. Была открыта первая кредитная линия на 14 миллионов 400 тысяч тенге. Сельскому жителю больше нет необходимости ехать в город для подачи документов на получение кредита, достаточно лишь обратиться в кредитное товарищество в своём районе проживания.

Через систему кредитного товарищества финансируется не только деятельность, связанная с растениеводством и животноводством, но и несельскохозяйственный бизнес на селе, а также переработка сельхозпродукции. Кредитуются сельхозтоваропроизводители (СХТП) имеющие посевные площади около 40% от общих посевных площадей района. Сегодня в составе товарищества 80 участников, а кредитная линия открыта более чем на 5 миллиардов тенге. Эти деньги идут в аграрный



сектор района: на обновление техники, приобретение скота, строительство зерноскладов и перерабатывающих цехов, а также улучшения структуры земледелия.

Подводя итоги работы КТ «Болашак» за два десятилетия, товарищество проделало большой путь: от скромного финансового подразделения до солидного учреждения, среди кредитных товариществ Акмолинской области.

На сегодняшний день более 120 мелких и средних кредитных товариществ объединяются в Центральное Кредитное товарищество. Объединившись, мы имеем возможность привлечь более крупных инвесторов в республику Казахстан, за счет средств которых планируется развивать агрокомплекс нашей страны. Почти в каждом районе нашей страны есть кредитные товарищества, что очень удобно для мелких и средних субъектов АПК, т.к.

не все могут получить ресурсы в банке второго уровня» - рассказывает руководитель организации Бурумбаева Багиля Калабаевна.

Багиля Калабаевна, родилась в Вишневоком, ныне Аршалинском районе в 1957

году. Окончив Целиноградский сельхоз институт, работала бухгалтером расчётного стола с.Жулдыз, Егиндыкольского района. С 1979 года работала главным бухгалтером вычислительной станции Астраханского района. С 1990 по 2003 год работала руководителем районного отдела статистики. С 2003 года, с самого основания кредитного товарищества и по данный момент руководитель кредитного товарищества «Болашак».

**Хочется поздравить руководителя и все кредитное товарищество «Болашак» с двадцатилетним юбилеем и пожелать крепкого здоровья, семейного благополучия, карьерного роста, больших успехов в профессиональной деятельности, и удачи, достигать новых, высокоэффективных результатов в решении сложных задач и поставленных целей.**

**Ирина ГОРБАТЕНКО.**

## ДОБРО ВСЕГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ

**Руководство организацией не женское дело? Отнюдь! Ответственные мудрые и опытные женщины успешно управляют вверенными им делами, оправдывая доверие своих сотрудников. Вот и мы хотим рассказать о своей заведующей детским садом «Алпамыс» - Мукановой Гульмире Смагуловне.**

Только на входе на территорию детского сада сразу можно понять, что здесь очень хорошая «хозяйка». Кругом чистота, порядок и уют. Летом радуют глаз яркие, красивые ухоженные цветники. Все сделано со вкусом, творческим подходом. Тепло, уютно, весело и интересно не только во дворе детского сада, но и внутри его. Групповые комнаты оснащены новой мебелью, игрушками, игровыми модулями, современными технологиями. Здесь есть все, что нужно для правильного развития малышей и для того что бы дети могли весело и главное с пользой провести время.


Муканова Гульмира работает в сфере образования 13 лет, 4 из них работает заведующей детским садом. Для неё её работа это не просто должность - это образ жизни. Как руководитель она делает все для того чтобы детский сад процветал, комфортно работало сотрудникам, а родители без проблем доверяли своих детей. Она профессионал своего дела, опытный инициатор, руководитель лидера своего коллектива, которая наравне со всеми сотрудниками участвует во всех работах и делах детского сада. Если нужно сажает цветы, колет грядки, убирает и занимается облагораживанием территории. Она делает всё, что бы жизнь детского сада текла в спокойной и дружелюбной обстановке. Во взаимоотношениях с окружающими глав-



ным инструментом считает улыбку, шутки и юмор, так как именно эти качества зачастую приносят своеобразные плоды, нежели строгое замечание или глубокомысленные изречения. Поэтому всегда старается быть спокойной тактичной уважительной и уравновешенной.

Любая женщина выполняет одновременно множество ролей. Она любящая мама, любимая бабушка, гостеприимная хозяйка, заботливая и внимательная жена, надежная подруга, творец, сотрудник, а как руководитель нашего детского сада умудряется выполнять все эти роли в многократно умноженном размере. Для нашего детского сада и всех кто имеет к нему отношение (воспитателей, сотрудников, к детям и их родителям) она также стала опорой, наставником, психологом, инструктором, организатором, вдохновителем, и генератором всех планов и замыслов.

От заведующей детским



учреждением зависит многое. Только руководитель с опытом работы может помочь своим сотрудникам не просто выполнять свои обязанности, но и помочь каждому ребенку раскрыть свои способности, выразить себя, научиться сотрудничать, дружить, общаться, делиться и быть ответственным за свои поступки. Задача создать такой коллектив требует от руководителя огромной дисциплины, культуры и интеллекта. Мы с гордостью отмечаем, что Гульмира Смагуловна блестяще справилась с этой задачей и объединила в своем коллективе именно таких педагогов. Спасибо вам за ежедневный творческий труд. Он достоин самых высоких похвал и уважения. Пусть сделанное вами добро возвращается в ваших малышах. Пусть работа приносит только радость и удовольствие, новые силы и энергию для воплощения всех новых творческих планов в жизни.

**Поздравляем Вас с юбилеем! Желаем крепкого здоровья успехов во всем уюта и покоя в вашем доме добра достатка и благополучия. Пусть воплощаются в жизни все ваши мечты. Оставайтесь такой же веселой, прекрасной, активной и радуйте нас своими идеями!**

**Коллектив детского сада «Алпамыс» села Астраханка.**

**О работе облдепартамента торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан рассказал «Акмолинской правде» его руководитель Ерлан Аубакиров.**

**– Ерлан Ермакович, расскажите, пожалуйста, что такое права потребителя?**

– Это установленные и регулируемые законом РК права при приобретении товаров и услуг: потребители имеют полное право на приобретение, свободный выбор, возврат или обмен товаров и услуг как надлежащего, так и ненадлежащего качества, а также на получение полной информации о товаре, документах, сертификатах, декларациях, накладных и о самом продавце.

**– Много ли обращений к вам поступает и с чем они связаны?**

– За 6 месяцев этого года к нам поступило 408 обращений. И их количество увеличивается. Чаще всего заявляют о нарушении прав в сфере розничной торговли – таковых поступило 156 обращений, 106 – в сфере электронной торговли, 41 связано с бытовыми услугами, 27 – с услугами ЖКХ, 15 – с туристическими, 10 – с услугами образования, есть жалобы на услуги связи, сферу общественного питания, медицинские услуги и финансовые.

**– Как нарушаются права потребителей и что предпринимаете для их защиты?**

– В основном потребители сталкиваются с отказом в обмене или возврате товара как надлежащего качества в течение 14 дней, так и ненадлежащего качества в период гарантийного срока. Зачастую предприниматели отказываются проводить экспертизу бракованного товара и принимать претензию. В мелких бутиках, как правило, отсутствует информация об ИП, облдепартамента и субъектах досудебного урегулирования потребительских споров. К сожалению, вследствие этого только единицы обращаются с претензией к продавцу. Отмечу значительное количество потребителей, приобретающих товар через интернет-магазины: к нам поступает много обращений, связанных с фактами мошенничества при интернет-покупках. Мы провели 7 проверок, по их результатам вынесены

## ПОТРЕБИТЕЛЬ

### В ПРИОРИТЕТЕ – ЗАЩИТА ПОКУПАТЕЛЕЙ

предписания и наложены административные взыскания в виде предупреждений. Кроме того, оказана помощь в возврате денежных средств по различным отраслям на общую сумму более 13 479 344 тенге.

**– Можно ли вернуть товар, приобретенный в супермаркете?**

– Все потребители имеют право обменять или вернуть товар в супермаркетах, в магазинах, на рынках – везде действует один закон. Согласно статье 24 п. 5 Закона «О защите прав потребителей», продавец, изготовитель, исполнитель обязаны обеспечить обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества. На основании статьи 30 Закона «О защите прав потребителей» продавец-изготовитель обязан обеспечить обмен или возврат непродовольственного товара надлежащего качества, если он не был в употреблении и сохранен его товарный вид, потребительские свойства, пломба, ярлык, а также документ, подтверждающий факт приобретения товара в течение 14 дней. Товары, которые не подлежат обмену и возврату, – это лекарственные средства, изделия медицинского назначения, натуральное белье, чулочно-носочные изделия, животные и растения, метражные товары, ткани всех видов, абонентские устройства сотовой связи.

Однако если даже купленный товар входит в перечень не подлежащих обмену и возврату, но он некачественный, без документов, с нарушением маркировки, с отсутствием информации о товаре, документов, без чека, если он испорчен или с истекшим сроком годности, то вы тоже можете требовать обмен или возврат. Если вы купили в аптеке лекарство, а оно оказалось с истекшим сроком годности, вы имеете полное право вернуть его даже после 14 дней, предусмотренных законом. Потребитель не имеет права на возврат, если он купил товар, но испортил его по своей вине. В этом случае продавец может отказать

в ремонте и обмене и будет совершенно прав.

**– Как быть с распакованными продуктами, которые оказались испорченными?**

– Испорченные продукты вы также можете вернуть в супермаркет, но рекомендуем при обнаружении таковых немедленно обратиться с жалобой и направить этот продукт на исследование в лабораторию. После получения заключительной экспертизы можно обратиться в супермаркет. Будет лучше, если потребитель сохранит чек, но если даже и не сохранил, то на упаковке продукта имеется штрих-код. По нему нетрудно узнать, в каком супермаркете купили продукт. Также потребитель имеет право просматривать записи с камер видеонаблюдения и может доказать, что приобрел товар именно в этом супермаркете.

**– Что делать, если в магазине не выдают чек?**

– Продавец обязан размещать в месте нахождения контрольно-кассовых машин информацию на государственном и русском языках о необходимости получения потребителем контрольно-кассового чека и его праве обратиться в орган государственных доходов, в случае нарушения порядка применения контрольно-кассовых машин. Если в магазинах реализуется товар без контрольно-кассовой машины, то, в соответствии с Законом «О защите прав потребителей», потребитель имеет право в момент покупки товара снимать процесс на видео или фотографировать, чтобы предъявлять в качестве доказательства. В налоговом законодательстве есть пункты, согласно которым предприниматели имеют право осуществлять свою деятельность без применения контрольно-кассовых машин, но при продаже алкогольной продукции и табачных изделий это обязательно.

**– Как поступать с приобретенной одеждой и другими товарами?**

– Если товар не был использован, сохра-

нил товарный вид, не сорваны пломба и ярлык, имеются этикетки, тогда потребитель имеет право в течение 14 дней произвести его возврат или обмен. Может быть такое, что покупателю не подошел размер, не понравился цвет или фасон, в таком случае он имеет право на обмен товара. Если у продавца есть в наличии другой товар для обмена, то он должен его обменять. Если нет товара, который понравится покупателю, тогда покупатель имеет право потребовать возврат денежных средств. К примеру, при возврате мебели и бытовой техники также должны быть без повреждений: сохранены товарный вид, упаковка и чек. Причем при возврате бытовой техники продавец имеет право убедиться в неиспользовании товара и потребовать акт о заключении сервисного центра. В таких случаях продавец имеет право на продление срока обмена и возврата до 30 дней.

**– Куда обращаться потребителю, если он, к примеру, не знает о своих правах, но понимает, что их нарушают?**

– В первую очередь, в соответствии со ст. 22 Закона «О защите прав потребителей», он может обратиться с претензией к продавцу, изготовителю товара, исполнителю услуги, чтобы устранить нарушения прав и интересов, возместить причиненный этими нарушениями убыток в добровольном порядке. Или же обратиться в облдепартамент торговли и защиты прав потребителей, а также в общественное объединение «Защита потребителей».


Отмечу: уже запущена Единая информационная система приема жалоб в сфере защиты прав потребителей, можно обратиться в телеграмм-бот @kzpp\_bot, на телефоны горячей линии 8 (716-2)-50-51-22 и 8 (716-2)-50-29-89, а также запросы обрабатываются через электронное правительство Egov.kz и в социальных сетях. Такой формат дает оперативную обратную связь с населением: мы получаем возможность не только разъяснять вопросы, касающиеся сферы торговли и защиты прав потребителей, но и оперативно реагировать на проблемные ситуации, а также решать их.

**Вероника БУРДА.**

## ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАДА ҚОЛЖЕТИМДІ БОЛДЫ

eGov Mobile мобильді қосымшасында жаңа цифрлық құжат – «Колледж дипломы» қолжетімді. Колледж дипломы - арнаулы орта білімнің бар екендігін куәландыратын құжат. Енді сіз осы цифрлық құжатты eGov Mobile қосымшасы орнатылған смартфонмен электронды түрде ұсына аласыз.

«eGov mobile қосымшасының жетістіктерінің бірі – «Цифрлық құжаттар» сервисі болып саналады. Осы сервисің көмегімен қолданушылар цифрлық құжаттарды әрқашан ұялы телефоннан көрсете алады. Енді колледж түлектері eGov Mobile қосымшасы арқылы құжатты цифрлық форматта қолдана алады. Осыған дейін eGov mobile пайдаланушылары үшін жоғары оқу орындарының дипломдары мобильді қосымша арқылы қолжетімді болды. Бұл қажетті құжаттарды алу және ұсыну процесін едеуір жеңілдетеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.



Цифрлық құжатты қолдану үшін eGov mobile қосымшасының басты бетінде «Цифрлық құжаттар» сервисін таңдау керек. Пайдаланушы құжатпен QR код немесе 6 таңбалы код арқылы бөлісе алады. (1-сурет).

Цифрлық құжат - түпнұсқа құжаттың аналогы. Қазіргі уақытта «Цифрлық құжаттар» сервисінде 27 құжат қолжетімді: оның ішінде жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ҚР азаматының паспорты және басқалары бар.

Сіз мобильді қосымшаны iOS жүйесінің пайдаланушылары үшін App Store платформасынан, сондай-ақ Android жүйесінің пайдаланушылары үшін Play Market және App Gallery-ден жүктей аласыз.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмысының арқасында іске асырылды.

Өз ақпаратымыз.

## ҚАЗАҚСТАНДА ЕНДІ ЖАҢА ТУҒАН НӘРЕСТЕГЕ ЖСН БІРДЕН БЕРІЛЕДІ

ІІМ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жаңа туған балала-рға ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірін) беру бойынша пилоттық жобаны іске қосты.

Ішкі істер министрлігінің хабарлауына, бұрын балаға ЖСН ата-анасы туу туралы куәлік алуға өтініш білдіргеннен кейін ғана берілетін. Сол себепті ата-анасына куәлік берілгенге дейін баласы есепке алынбайтын.

Бұрынғы жүйеге сәйкес АХАТ органы алдымен баланың тегін, атын, әкесінің атын көрсетіп, өтініш негізінде туу туралы акт жазбасын тіркейтін. Сосын ішкі істер органдары балаға ЖСН жасап, кейін ата-анасына туу туралы куәлік беретін.

Енді АХАТ бөлімі туу туралы медициналық куәлікті алғаннан кейін ав-томатты түрде баланың туу туралы акт жазбасын жасайды, оның негізінде баланың ЖСН-ы қалыптасады. Бұл арқылы баланың ата-анасының жеке өтінішінсіз, проактивті форматта (көрсетілетін қызметті берушінің ұсынысы бойынша) бірқатар мемлекеттік қызмет автоматты түрде көрсетіледі.

### Олар:

бала тууға байланысты және бала күтімі бойынша жәрдемақы алу;

жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді тағайындау және төлеу;

бала 1,5 жасқа толғаннан кейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем.

Сонымен қатар жүйе анасына баланың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) туралы мәліметтерді беру туралы SMS-хабарлама жібереді (3 жұмыс күні ішінде жауап беру керек).

Деректер алынғаннан кейін туу туралы куәлік әзірленеді.

Осылайша туу туралы куәлік берілгенге дейін балаға ЖСН беру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде дүниеге келген балаларды толыққанды есепке алуға ғана емес, сонымен қатар ата-аналарға баланың тууына байланысты мемлекеттік қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар Әдеп кодексі арқылы жоғарылай бастады. Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады.

Кодекстің осы бөлімдерінде мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық имиджіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлықтың негізгі стандарттарын белгілейді және мемлекеттік органдарға қоғамдық сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара іс-қимылдың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.



Кодекске сәйкес мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадыр-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Әдеп кодексінің басты міндеті-сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

## ПОРЯДОК ОКАЗАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «ПРИВАТИЗАЦИЯ ЖИЛИЩ ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖИЛИЩНОГО ФОНДА»

Государственная услуга оказывается на бесплатной основе физическим лицам государственным учреждением «Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» Астраханского района в соответствии с Правилами по оказанию государственной услуги «Приватизация жилищ из государственного жилищного фонда», утвержденными приказом исполняющего обязанности Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 12 августа 2021 года № 437.

Услуга электронная (частично автоматизированная) и бумажная.

График работы:

услугодателя – с понедельника по пятницу, в соответствии с установленным графиком работы, за исключением выходных и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан с перерывом на обед;

портала – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно Кодексу, прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем).

Срок оказания государственной услуги при приватизации жилищ из коммунального жилищного фонда:

первый и второй этап: решение жилищной комиссии о приватизации жилищ в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты предоставления услугополучателем документов;

третий этап: заключение договора о приватизации жилищ между

услугодателем и услугополучателем в течение 5 (пяти) рабочих дней.

Результат оказания государственной услуги: при приватизации жилищ из коммунального жилищного фонда, из жилищного фонда коммунального государственного учреждения либо коммунального государственного предприятия:

- решение жилищной комиссии о приватизации жилища либо мотивированный отказ;

- договор о приватизации жилища между услугодателем и услугополучателем.

Услугополучатель имеет возможность получения государственной услуги в электронной форме через портал при условии наличия ЭЦП.

Для получения государственной услуги услугополучатель представляет в некоммерческое акционерное общество "Государственная корпорация "Правительство для граждан" либо через веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz заявление и следующие документы:

заявление на приватизацию занимаемого жилища, подписанное всеми совершеннолетними членами семьи нанимателя;

копии свидетельства о заключении (расторжении) брака, смерти членов семьи, рождении детей (по мере необходимости, в случае отсутствия сведений в информационной системе);

договор найма либо ордер на жилище;



в случаях признания других лиц членами семьи услугополучателя, последним предоставляется копия решения суда о признании их членами семьи услугополучателя;

граждане, относящиеся к социально уязвимым слоям населения, дополнительно предоставляют копию документа, подтверждающий принадлежность услугополучателя (семьи) к социально уязвимым слоям населения;

граждане, относящиеся к категории государственных служащих, работников бюджетных организаций, военнослужащих, сотрудников специальных государственных органов, судей и лиц, занимающих государственные выборные должности, дополнительно предоставляют копию справки с места работы (службы) либо копию документа, подтверждающего трудо-

вую деятельность работника; документ, подтверждающий отсутствие задолженности по договору найма жилища;

в случае безвозмездной приватизации – копию документа, подтверждающего принадлежность к категории граждан, имеющих право на безвозмездное получение в собственность жилища из государственного жилищного фонда.

При оказании государственной услуги, не допускается истребование от услугополучателей документов и сведений, которые могут быть получены из информационных систем.

Основания для отказа в оказании государственной услуги, установленные законодательством Республики Казахстан:

1) установление недостоверности документов, представленных

услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

2) несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, объектов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным Законом Республики Казахстан "О жилищных отношениях" и Постановлением;

3) в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение суда, на основании которого услугополучатель лишен специального права, связанного с получением государственной услуги.

Жалоба на решение, действий (бездействий) услугодателя по вопросам оказания государственных услуг может быть подана на имя руководителя услугодателя, уполномоченного органа, осуществляющего руководство в сфере жилищных отношений (далее – уполномоченный орган), в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Услугополучатель имеет возможность получения информации о порядке оказания государственной услуги в режиме удаленного доступа посредством "личного кабинета" на портале, а также Единого контакт-центра по вопросам оказания государственных услуг: 1414; 8 800 080 7777.

**Контактный телефон справочной службы услугодателя по вопросам оказания государственной услуги 87164123037.**

## БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ

В ноябре 2015 года был принят Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики Республики Казахстан.



Противодействие коррупции – деятельность субъектов противодействия коррупции в пределах своих полномочий по предупреждению коррупции, в том числе по формированию антикоррупционной культуры в обществе, выявлению и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, а также по выявлению, пресечению, раскрытию и расследованию коррупционных правонарушений и устранению их последствий.

Целью противодействия коррупции является устранение коррупции в обществе. Важными задачами для реализации устранения коррупции в обществе это формирования в обществе атмосферы нетерпимости к коррупции; выявления условий и причин, способствующих совершению коррупционных правонарушений, и устранения их последствий; укрепления взаимодействия субъектов противодействия коррупции; развития международного сотрудничества по противодействию коррупции; выявления, пресечения, раскрытия и расследования коррупционных правонарушений.

Необходимыми мерами противодействия коррупции являются: антикоррупционный мониторинг; анализ коррупционных рисков; формирование антикоррупционной культуры; проведение научной антикоррупционной экспертизы проектов нормативных правовых актов в соответствии с законодательством Республики Казахстан; выявление коррупциогенных норм при производстве юридической экспертизы в соответствии с законодательством Республики Казахстан; формирование и соблюдение антикоррупционных стандартов; финансовый контроль; антикоррупционные ограничения; предотвращение и разрешение конфликта интересов; меры противодействия коррупции в сфере предпринимательства; выявление, пресечение, раскрытие и расследование коррупционных правонарушений; сообщение о коррупционных правонарушениях; устранение последствий коррупционных правонарушений; формирование и публикацию Национального доклада о противодействии коррупции.

Своя система мер противодействия коррупции применяется и в районном управлении казначейства, где внедрена информационная система «Казначейство-клиент». Данная информационная система имеет свои преимущества: ускоренный процесс обслуживания, возможность государственным учреждениям самостоятельно формировать выходные формы. Но главной противокоррупционной мерой можно считать тот факт, что при электронном обслуживании исключается контакт государственных учреждений с работниками казначейства.

